

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 наурыздағы N 415 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 5 желтоқсан N 1576

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін Ресей Тарапының Қазақстан Тарапына жалгерлік ақының бір бөлігін 1999 жылғы кезең үшін тауарлармен төлеу жөніндегі есеп айырысудың тәртібі мен нысаны туралы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 наурыздағы N 415 P010415\_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Есенбаев Мәжит

Төлеубекұлына" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі Владимир Сергеевич Школьникке" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға қосымшада:

4-бапта:

бірінші абзацтағы "тоқсан сайын екі бөлікте:" деген сөздер "2001 жылдың төртінші тоқсанында 65 миллион АҚШ долларына баламалы сомада жүзеге асырылады." деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші және төртінші абзацтар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК